

Ерейментау ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 5С-9/4-12 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда № 3597 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 6С-20/2-18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 24.01.2018 № 6С-20/2-18 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ерейментау ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына салық салу объектісінің бірлігіне бірыңғай тіркелген ставкаларын қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

Ерейментау аудандық мәслихатының "Қызметін Ерейментау ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 4С-13/4-09 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-9-113 болып тіркелген, 2009 жылғы 18 наурыздағы аудандық "Ереймен" газетінде, 2009 жылғы 18 наурыздағы аудандық "Ерейментау" газетінде жарияланған) шешімі;

Ерейментау аудандық мәслихатының "Ерейментау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 4С-13/4-09 "Қызметін Ерейментау ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы" 2010 жылғы 21 шілдедегі № 4С-26/4-10 (Нормативтік құқықтық актілердің

мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-9-157 болып тіркелген, 2010 жылғы 28 тамыздағы аудандық "Ереймен" газетінде, 2010 жылғы 28 тамыздағы аудандық "Ерейментау" газетінде жарияланған) шешімі.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы*

Н.Мандаев

*Ерейментау аудандық
мәслихатының хатшысы*

Қ.Махметов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Ерейментау ауданының әкімі
"Қазақстан Республикасы*

А.Қалжанов

*Қаржы министрлігінің
Салық комитеті
Ақмола облысы бойынша
Салық департаментінің
Ерейментау ауданы бойынша
Салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

Т.Ахметуллин

Ерейментау аудандық мәслихатының
2012 жылғы "10" желтоқсандағы
№ 5С-9/4-12 шешіміне қосымша

**Ерейментау ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын
барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген
салық ставкалары (айына салық салу объектісінің бірлігіне)**

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай ставкалары (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4.	Карт	2
5.	Бильярд үстелі	3
6.	Ойын жолы	5

